**«БЕКІТЕМІН»**

Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ
«№2 көпбейінді қалалық аурухана»
МКК Бас дәрігері
_____________ И. Ли
«___» _______ 2019 жыл

# АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ШЖҚ «№2 КӨПБЕЙІНДІ ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНА» МКК

## ӘДЕП КОДЕКСІ

| | |
|---|---|
| Дана | |
| Әрекетке енгізілді | |
| Қайта қарау | Жылына 1 рет |
| Әрекет ету мерзімі | 3 жыл |

Астана қаласы
2019 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№2 көпбейінді қалалық аурухана» МКК (бұдан әрі - №2 ҚҚА) Азаматтық қызметті атқару, қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және азаматтық қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам №2 ҚҚА жұмысшылары өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін олармен жүзеге асырылатын кәсіби қызметіне жұмсап, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

2. Осы Әдеп кодексі (бұдан әрі–Кодекс) Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

3. Кодекс халықтың сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру және әдепсіз мінез-құлық жағдайларын алдын алуға бағытталған.

4. №2 ҚҚА жұмысшысы жұмысқа қабылданғаннан кейін үш күн ішінде осы Кодекстің мәтінімен жазбаша түрде таныстырылуы тиіс.

## 2. Мінез-құлықтың жалпы стандарттары

5.№2 ҚҚА Жұмысшылары міндетті:

1) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

2) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтары және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) олармен қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

5) .№2 ҚҚА мүддесіне нұқсан келтіретін, .№2 ҚҚА қызмет ету тиімділігіне кедергі келтіретін немесе төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

6) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

7) өзінің іс-әрекеттері және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

8) №2 ККА қызметіне ықпал ету және жеке сипаттағы мәселелерді шешуде өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

9) шындыққа жанаспайтын мәліметтерді таратпауға;

10) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;

11) қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқару, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

12) қызметтерді тұтынушысы ретінде толығымен халықтың сұранысына бағдар ұстана отырып тұрақты түрде көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдауға;

13) заңнамалық түрде тәртіптік, әкімшілік, азаматтық немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылған теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеуге;

14) іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс.

Қызметтік міндеттерін орындау барысындағы сырт келбеті №2 ККА беделін нығайтуға ықпал етіп, ресмилілік, ұстамдылық және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға ортақ іскерлік стиліне сай болуы тиіс.

6. Өзінің қызметтік жағдайлайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктері, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насихаттау мақсатында пайдаланбауы тиіс. Соның ішінде, басшы лауазымдарын атқарушылар, ұжымда өзінің діни көзқарасын ашық көрсете алмайды, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

3. Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары

7. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстану, қоғамға жат мінез-құлық оқиғаларын, соның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдық адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларынын орын алуына бермеуге;

*Құжаттың көшірмесін рұқсатсыз жасауға тыйым салынады*

2) тиісті қызметтерді алу барысында қарапайым болуға, өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өз тарапынан қоғамдық адамгершілік, тәртіп және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және өзге азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттердің жасалуына жол бермеуге тиіс.

4. Қызметтік қатынастардағы мінез-құлық стандарттары

8. №2 ККА Жұмысшылары әріптестерімен қызметтік қарым-қатынас жасауы барысында:

1) ұжымда іскерлік және тілектестік өзара қарым-қатынасты әрі сындарлы ынтымақтастықтың орнатылуына және нығайтуға ықпал етуге;

2) №2 ККА өзге жұмысшыларының тарапынан қызметтік әдеп нормаларының бұзылуыңа жол бермеу бойынша өзге де шараларды қабылдауға немесе тоқтатуға;

3) әріптестерінің ұжымда ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға;

4) әріптестерінің өз лауазымдық міндеттерінің орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге міндетті.

9. Басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас жасау барысында:

1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптық, әділдік, риясыздық, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болуға;

2) меритократия қағидаларының сақталуын қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу барысында туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану барысында әділдік пен объективтілік танытуға;

4) еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет етуге арналған қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауға;

5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу барысында олардың қызметіне ықпал етуші өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбауға;

6) құқыққа қарсы қылықтарды, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына жат қылықтарды жасауға мәжбүрлемеуге;

7) оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс.

10. Төмен тұрған лауазымдарды атқаратын №2 ҚҚА жұмысшылары:

1) басшылардың тапсырмаларын орындау барысында тек объективті және шынайы мәліметтерді ұсынуға;

2) өздеріне мәлім болған қызметтік әдеп нормаларының бұзу жағдайлары және тәртіптік теріс қылықтар туралы басшылыққа және әдеп жөніндегі уәкілге дереу хабарлауға;

3) басшының заңды тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін әрекеттерді (әрекетсіздікті) болдырмауға;

4) басшылыққа қатысты жеке берілгендікке, олардың қызметтік мүмкіндіктері есебінен пайда және артықшылықтар алуға ұмтылуға жол бермеуге тиіс.

5. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары

11. №2 ҚҚА қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді бас дәрігер немесе бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалармен жүзеге асырылады. №2 ҚҚА жұмысшылары №2 ҚҚА беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайыстарды сыпайы түрде жүргізуі тиіс.

12. №2 ҚҚА жұмысшыларына мемлекеттік саясат және қызметтік іс-әрекет мәселелері жөніндегі өз пікірін көпшілік алдында білдіруіне болмайды, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына, №2 ҚҚА арғысына сай келмесе;

2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

3) мемлекеттің лауазымды тұлғалары, мемлекеттік басқару органдары, мемлекеттік қызметшілер, №2 ҚҚА өзге жұмысшылары атына әдепке жат сөздер айтудан тұрса.

13. №2 ҚҚА қызметімен байланысты емес мәселелер бойынша №2 ҚҚА атынан жұмысшыларға жарияланымдар жасауына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдардың жариялануы жұмысшылармен жеке тұлға ретінде тек өз атынан ғана жүзеге асырылады.

14. №2 ҚҚА жұмысшысына сыбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда, ол сол күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануы тиіс.

Дайындаған:
Заң бөлімінің басшысы
____________ М. Даутова
«___» _________ 2019 жыл

*Құжаттың көшірмесін рұқсатсыз жасауға тыйым салынады*

А қосымшасы

Келісу парағы

| Т.А.Ә. | Лауазымы | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| | | | |
| Аманбокова А.И | аудармашы | | [illegible] |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

*Құжаттың көшірмесін рұқсатсыз жасауға тыйым салынады*

Б қосымшасы

Таныстыру парағы

| Т.А.Ә. | Лауазымы | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| Рустемова У.А. | Ішкі аудит бөл. | | [signature] |
| Жакенова Ж.М. | стратегиялық жоспарлау және статистика бөлімінің басшысы | | [signature] |
| Ермекова Ж.К. | адами ресурстарды басқару бөлімінің басшысы | | [signature] |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

В қосымшасы

Өзгертулерді тіркеу парағы

| Өзгертуге тиісті тарау, тараудың бөлігі, стандарт тармағы № (процесс картасы, нұсқаулықтар) | Парақ нөмірі | Өзгерістерді жүргізу күні | Негіздеме (бұйрық № және күні) | Өзгерістерді енгізу күні | Өзгерісті енгізуші тұлғаның қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

*Құжаттың көшірмесін рұқсатсыз жасауға тыйым салынады*